

АНЫҚТАМА

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылу жағдайын бақылау қорытындысы

2022 жыл, желтоқсан айы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бүйрекшімен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес желтоқсан айының 20 күні тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды жүргізетін бракераж комиссиясы мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуын және асхананың талапқа сай жұмыс істеуін тексерді. Тексеру кезінде асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы, оқушылардың кестеге сәйкес ыстық тамақпен қамтылуы, оқушыларға берілетін ыстық тамактың бекітілген перспективалық ас мәзіріне сәйкестігі, тамақ нормасының орындалуы, бракераждық журналдың жүргізілуі, тәуліктік ас сынамаларының болуы қаралды.

Асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Өнімдерді орналастыруда шикізат пен дайын өнімдер маркировкасы сақталған. Ас блогының жұмыскерлері арнайы киіммен (халат немесе шалбары бар күрте, бас киім, аяқ киім) қамтамасыз етілген. Жекелеген санат оқушылары бекітілген кестеге сәйкес әдеттегідей келіп тамақтануда. Тамақ ішетін залда мектеп директоры бекіткен мәзір ілінген, онда тағамдардың атауы, әр дайын тағамның шығымы көрсетілген. Тамақ қалалық білім бөлімі тарапынан бекітілген перспективалық ас мәзірі бойынша әзірленген. 20 желтоқсан күнгі ас мәзірінде рассольник (тұздықты көже), турама зразылар (фарш котлеті), гарнир арпа жармасы, жемістен кисель, нан болды. Білім алушыларға берілген тамақ перспективалық ас мәзіріндегі нормаға сәйкес берілуде. Диет. медбике тарапынан тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізілген, бракераждық журнал уақытылы толтырылған. Бүгінгі күнгі мәзір бойынша дайын өнімнің тәуліктік сынамалары тоңазытқышқа бетін жауып қойылған.

Тексеру қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылу жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.

Ұсыныс:

1. Класс жетекшілер тарапынан оқушылардың кестеге сәйкес асханаға барып тамақтануын бақылау жұмысы жалғасын тапсын.
- 2.Бракераж комиссиясының асхана жұмысын бақылауы жоспар бойынша талапқа сай жүргізіліп отырсын

Анықтаманы жазған мектеп директорының ТЖ орынбасары Иманdosова.Р.Ж